

Өсімдіктер әлемінің жүйесі

Таксондардың қазіргі иерархиясы

Бөлім



Класс



Қатар



Тұқымдас



Туыс



Түр

Өсімдіктер дүниесі
қабатының
құрылысына қарай 2
бөлінеді:

Төменгі сатыдағы
өсімдіктер

Жоғарғы сатыдағы
өсімдіктер

Төменгі сатыдағы өсімдіктер (Tallobionta)

Негізгі ерекшеліктері:

Төменгі сатыдағы өсімдіктердің денесі мүшелерге бөлінбеген, жапырақ, сабақ жіктелмеген бір тұтас қатарлы (слоевини) немесе талломды болып келеді. Латынша аты осыдан шыққан. Төменгі сатыдағы өсімдіктер бір жасушалы немесе көп жасушалы болып бөлінеді.

Төменгі сатыдағы өсімдіктер дүниесін 16 бөлімге бөледі:

1. Бактериялар бөлімі

2. Көк –жасыл балдырлар бөлімі

3. Алғашқы жасыл балдырлар
бөлімі

4. Эвгленалы балдырлар бөлімі

5. Динофитті балдырлар бөлімі

6. Криптофитті балдырлар бөлімі

7. Алтынтүсті балдырлар бөлімі

Прокариоттар

Эукариоттар

8.Диатомды балдырлар бөлімі

9.Сарғылт–жасыл балдырлар бөлімі

10.Қоңыр балдырлар бөлімі

11.Қызыл балдырлар бөлімі

12.Жасыл балдырлар бөлімі

13. Хара балдырлар бөлімі

14. Нағыз саңырауқұлақтар бөлімі

15.Кілегейлілер бөлімі

16.Қыналар бөлімі

Эукариоттар

Көк –жасыл балдырлар бөлімі

Негізгі ерекшеліктері:

Көк жасыл балдырлар шығу тегі жағынан қарапайым және ең көне ағзалар. Көпшілік жағдайда көк – жасыл балдырлар – бір жасушалы, колониялы және көп жасушалы жіп тәрізді болып келеді. Жасуша қабықша көпшілігінде пектинді, оңай клегейленеді. Кейбіреулерінің жасуша қабықшасы целлюлозадан тұрады. Жасушасында жасыл хлорофилдің, қызғылт сары – каротиннің, көк-фикоцианның, қызыл-фикоэритиннің пигменттері болады. Осы пигменттердің орайласып келуіне байланысты, балдырдың түсі көк-жасыл түстен, сарғыш кейде ортаның реакциясына қарай қызыл түске дейін өзгере алады. Қызған кезде жасушалар фикоцианын жоғалтып, тіршілігін жойған балдыр жасыл түсті болып қалады.

Негізгі ерекшеліктері:



Көк-жасыл балдырлардың жасушасы көпшілігінде майда, ұсақ цилиндр, дөңгелек, бөшке тәрізді және басқада формаларда болады.

Көк-жасыл балдырлардың жасуша протопластында оптикалық айқын ажыратылатын екі бөлімді көруге болады; сыртқы, боялған-хромотоплазманы және ішкі боялмаған, түссіз-центроплазманы. Хромотоплазма бөліміндегі барлық пигменттер хромотофораның қызметін атқарады. Балдырларда пластидтерді-хромотофора деп атайды. Хромотофора – хлорофилл жән басқа пигменттер сіңген түссіз ақуыздық стромадан құралған. Олар пластинка, жұлдыз, тор, табақша және спираль тәрізді иілген, лента сияқты болып та келеді. Балдырлардың әрбір систематикалық топтары үшін олардың пішіні тұрақты болады да, ол тұқым қуалайды. Хромотофоралар бөліну арқылы көбейеді. Көк-жасыл балдырларда оқшауланған нағыз хромотофора болмайды.

Көбеюі:

Бір жасушалы көк-жасыл балдырлар вегетативтік жолмен жасушаның тең екіге бөлінуі арқылы көбейеді. Колониялы формаларда осындай жасушаның екіге бөлінуі арқылы вегетативтік жолмен көбейеді, алайда олар клегейдің ішінде жалғасқан түрінде ажырасып кетпей қалып қояды. Көп жасушалы жіп тәрізді формалары ерекше гормогония деп аталатын көп жасушалы бөлшектерге бөлініп кетуі арқылы да көбейеді.


Қоректенуі:

Көк-жасыл балдырларға негізінен автотрофты қоректену тән, бірақ көптеген түрлер ластанған суларда тіршілік етуіне байланысты өлекселер мен өсімдіктердің шірігін қалдықтарымен миксотрофты (аралас) демек гетеротрофты қоректенеді.

Көк –жасыл балдырлар бөлімі 3 класқа бөлінеді

Класс атаулары	Негізгі ерекшеліктері
Хроококкалылар	Бір клеткалы, қауымды организмдер жатады. Қауымды құрап байланыстырып тұратын кілегей түссіз, көк жасыл, қоңыр, сарғыш, сұр, күлгін, қара сияқты әртүрлі түс береді. Клетканың жай екіге бөлінуі, кейде планококкалар, споралар және аналық келткаларының ұсақ клеткаларының бөлінуі арқылы көбейеді.
Хамесифондылар	Клеткалары апикальды, базальды бөлімдерге дифференциаланған қабаттан құралған бір клеткалы, қауымды жіптесінді формалар жатады. Жіптесінді формалары қалың қабатты клеткалардан құралған. экзо., эндоспоралар арқылы жыныссыз көбейеді.
Гормогониялықтар	Көпклеткалы, жіптесінді және қауымды балдырлар жатады. Жіпшесінің басты ерекшелігі қатар өсетін бір, сирек екі не бірнеше клеткалардан құралған трихомаларының болуы. Вегетативтік жолмен гормогониялар көбейеді

Хроококкалылар класы



Гормогониялықтар класы 3 қатарға бөлінеді

Осциляториялықтар
қатары

Ностокалықтар
қатары

Стигонемалықтар
қатары

Осциллятория
туысы

Носток туысы

Стигонема туысы

Спирулина туысы

Анабена туысы

Лингбия туысы